



«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ
КОМИССИЯСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**Жергілікті бюджетке рұқсат беру жүйесі, әкімшілік
айыппұлдар және мемлекеттік баж түсуінің
толықтылығы мен уақыттылығына «Қазақстан
Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы
облысының полиция департаменті» мемлекеттік
мекемесінде жүргізілген аудиторлық іс-шара бойынша
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

13 желтоқсан 2019 жыл

Алматы облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы
М.Мұсаевқа

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу (рұқсат беру жүйесі, әкімшілік айыппұлдар, мемлекеттік баж)

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жергілікті бюджетке рұқсат беру жүйесі, әкімшілік айыппұлдар және мемлекеттік баж түсуінің толықтылығы мен уақыттылығы.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектісі:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлардың сертификаттарының нөмірлерін көрсете отырып):

Топ жетекшісі бас маман – мемлекеттік аудитор Ермек Қазбекұлы Өтегенов 2016 жылғы сертификат № 0321, бас маман – мемлекеттік аудиторлар Саят Алдажарұлы Мұхашев 2016 жылғы сертификат №0314, Сарсен Абдолдаұлы Мұджаев 2016 жылғы сертификат № 0312

1.5. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың қаңтарынан бастап, 2018 жылдың желтоқсанын қоса алғандағы кезең.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесіне Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің уақытылы және толық түсуі бойынша қабылданып жатқан шаралардың нәтижесіне талдау:

Мекемемен облыс бойынша **2017** жылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар жеке және заңды тұлғалар бойынша барлығы 187474, әкімшілік жауапкершілікке тартылғандары 164275 оның ішінде жол қауіпсіздігі бойынша 132991, қоғамдық қауіпсіздік бойынша 54483. Жалпы салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы 1556540,5 мың теңге.

2017 жылы жол қауіпсіздігі бойынша анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 132991. Оның ішінде 2468-і мас күйінде көлікті басқарғандар.

Сот органдарына 6987 әкімшілік істер жолданған.

Мәжбүрлеп орындау үшін жіберілген әкімшілік істер саны – 14705, жалпы сомасы 177 586,0 мың теңге. Мәжбүрлеп орындау үшін жұмыс орнына жіберілген әкімшілік істер саны 1 886, жалпы сомасы 24 276,7 мың теңге.

2018 жылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар жеке және заңды тұлғалар бойынша барлығы 182398 оның ішінде жол қауіпсіздігі бойынша 126980, қоғамдық қауіпсіздік бойынша 55418. Жалпы салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы 2 222 182,5 мың теңге.

2018 жылы жол қауіпсіздігі бойынша анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 126 980. Оның ішінде 2 508-і мас күйінде көлікті басқарғандар.

Сот органдарына 13 955 әкімшілік істер жолданыпкөлік құралын басқару құқығынан айырылғандар саны 4 112. Әкімшілік қамауға алынғандардың саны 2 999.

Мәжбүрлеп орындау үшін жіберілген әкімшілік істер саны – 38672, жалпы сомасы 788114,7 мың теңге. Мәжбүрлеп орындау үшін жұмыс орнына жіберілген әкімшілік істер саны 1929, жалпы сомасы 19 565,2 мың теңге.

Алматы облысы бойынша 2017жылы 2 бейнетіркеуіш жүйесі бойынша барлығы 43 қондырғы жұмыс атқарған. Оның ішінде «КРИС-П» бейнетіркеуіш жүйесі 30 қондырғы, «Автоураган» бейнетіркеуіш жүйесі 13 қондырғы.

2017 жылы

«КРИС-П» бейнетіркеуіш жүйесі арқылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 60844. Анықталған бұзушылықтар бойынша 1380550,4 мың теңге айыппұл салынған. Салынған айыппұл көлемінен 177694,8 мың теңге өндіріліп алынған. Өндіріп алу пайызы 12,8%

«Автоураган» бейнетіркеуіш жүйесі арқылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 842. Анықталған бұзушылықтар бойынша 9552,5 мың теңге айыппұл салынған. Салынған айыппұл көлемінен 9462,6 мың теңге өндіріліп алынған. Өндіріп алу пайызы 99%. Орташа өндіріп алу пайызы 2017 жылы 55,9%

2018 жылы 3 бейнетіркеуіш жүйесі бойынша барлығы 46 қондырғы жұмыс атқарған. Оның ішінде «КРИС-П» бейнетіркеуіш жүйесі 30 қондырғы, «Автоураган» бейнетіркеуіш жүйесі 13 қондырғы, «Интегра» бейнетіркеуіш жүйесі 3 қондырғы.

«КРИС-П» бейнетіркеуіш жүйесі арқылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 97455. Анықталған бұзушылықтар бойынша 2073268,0 мың теңге айыппұл салынған. Салынған айыппұл көлемінен 937269,0 мың теңге өндіріліп алынған. Өндіріп алу пайызы 45%

«Автоураган» бейнетіркеуіш жүйесі арқылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 4495. Анықталған бұзушылықтар бойынша 36144,7 мың теңге айыппұл салынған. Салынған айыппұл көлемінен 17632,4 мың теңге өндіріліп алынған. Өндіріп алу пайызы 48,7%.

«Интегра» бейнетіркеуіш жүйесі арқылы анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 458. Анықталған бұзушылықтар бойынша 3927,4 мың теңге айыппұл салынған. Салынған айыппұл көлемінен 1984,1 мың теңге өндіріліп алынған. Өндіріп алу пайызы 50,5%. Орташа өндіріп алу пайызы 2018 жылы 48,0%

Өндіріспен тоқтатылған әкімшілік істер саны 2017-2018 жылдары 5753.

Қайтарылған нұсқамалар саны 2018 жылы 18567 оның ішінде өңделіп қайта жолданған саны 8709.

Мәжбүрлеп орындау үшін жіберілген әкімшілік істер саны 2017 жылы – 527. Оның ішінде жеке сот орындаушысына жолданған—461, жалпы сомасы 11163,7 мың теңге. Орындалғаны 155 әкімшілік істер, өндіріліп алынғаны 2674,3 мың теңге. Өндіріп алу пайызы 23,9%. Мәжбүрлеп орындау үшін жұмыс орнына жіберілген әкімшілік істер саны 66, жалпы сомасы 3446,3 мың теңге. Орындалғаны 41 әкімшілік істер, өндіріліп алынғаны 1245,0 мың теңге. Өндіріп алу пайызы 36,1%.

2018 жылы мәжбүрлеп орындау үшін жіберілген әкімшілік істер саны – 14596. Оның ішінде жеке сот орындаушысына жолданған –13027, жалпы сомасы 318032,6 мың теңге. Орындалғаны 2852 әкімшілік істер, өндіріліп алынғаны 54560,9 мың теңге. Өндіріп алу пайызы 17,1%. Мәжбүрлеп орындау үшін жұмыс орнына жіберілген әкімшілік істер саны 1569, жалпы сомасы 32867,1 мың теңге. Орындалғаны 487 әкімшілік істер, өндіріліп алынғаны 9019,9 мың теңге. Өндіріп алу пайызы 27,4%.

2017 жылы жалпы салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы 1556540,5 мың теңге, өндіріліп алынғаны 1000883,4 мың теңге. Өндіріп алу пайызы **64,3%**.

2018 жылы жалпы салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасы 2222182,5 мың теңге, өндіріліп алынғаны 1080944,2 мың теңге. Өндіріп алу пайызы **48,6%**.

2017 жылы жалпы 1556540,5 мың теңге салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасынан өндіріліп алынбағаны 555657,1 мың теңге. Оның ішінде бейнетіркеуіш жүйелері арқылы жол қауіпсіздігі бойынша анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 127601. Анықталған бұзушылықтар бойынша 1390102,8 мың теңге айыппұл салынған. Өндіріліп алынған сома 155174,7 мың теңге. Өндіріп алу пайызы 14,2%. Басқа аймақтарға жалпы сомасы 680700,0 мың теңгеге 30000 әкімшілік істерге мүлдем қаралмай жауапсыз қалған. 5295 әкімшілік істер өндіріспен тоқтатылған. Мәжбүрлеп орындау үшін жеке сот орындаушысына жолданған 461 істің 155 ғана орындалған, жалпы сомасы 11163,7 мың теңге орындалғаны 2674,3 мың теңге.

Мәжбүрлеп орындау үшін жұмыс орындарына жолданған 66 істің 41 ғана орындалған, жалпы сомасы 3446,3 мың теңге орындалғаны 1245,0 мың теңге.

2018 жылы жалпы 2222182,5 мың теңге салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасынан өндіріліп алынбағаны 1141238,3 мың теңге.

Оның ішінде бейнетіркеуіш жүйелері арқылы жол қауіпсіздігі бойынша анықталған әкімшілік құқық бұзушылық саны 132590. Анықталған бұзушылықтар бойынша 2113340,2 мың теңге айыппұл салынған. Өндіріліп алынған сома 956 885,6 мың теңге. Өндіріп алу пайызы 45%. 458 әкімшілік істер өндіріспен тоқтатылған. Мәжбүрлеп орындау үшін жеке сот орындаушысына жолданған 13027 істің 2852 ғана орындалған, жалпы сомасы 318032,6 мың теңге орындалғаны 54560,9 мың теңге.

Мәжбүрлеп орындау үшін жұмыс орындарына жолданған 1569 істің 487 ғана орындалған, жалпы сомасы 32867,1 мың теңге орындалғаны 9019,9 мың теңге.

Сот органдарына жолданған істер 2017 жылы – 6987, 2018 жылы- 13955 әкімшілік істер толық қаралып тиісті сот шешімдері бойынша нәтижелі орындалған.

Сот орындаушыларына жолданған материалдар, олардың нәтижелері бойынша атқарылған шаралардың 2017-2018 жылдары жүйелі түрде толық нәтижелі орындалмағандығы салдарынан өндірілмеген әкімшілік айыппұлдар көлемі 2017 жылдың он екі айында өндіріп алу пайызы 13,7 %. 2018 жылдың он екі айында өндіріп алу пайызы 10,8% құраған.

Мәжбүрлеп орындату үшін жеке сот орындаушыларына жіберілген 2017 жылы 14705 әкімшілік істердің, 177286,0 мың теңгеге, орындалғаны 1886 ғана 24276,7 мың теңгеге.

Мәжбүрлеп орындату үшін жеке сот орындаушыларына жіберілген 2018 жылы 38672 әкімшілік істердің 788114,7 мың теңгеге, орындалғаны 6312 ғана, 84998,4 мың теңгеге. Өндіріп алу пайызының төмендігі әкімшілік практика бөлінісінің басшылары мен жауапты қызметкерлерінің жұмыстарын төменгі деңгейде жүргізілген нәтижесі.

Мемлекеттік кірістер департаментімен немесе басқармаларымен, сот орындаушылармен ай сайынғы салыстыра тексерулер жүргізіліп салыстыру актілері жасалмаған;

Өндірілініп алынған әкімшілік айыппұлдар көлемінен бюджетке қате (артық) төленген сомалар қайтарылған. Қайтарулар азаматтардың жүгінуі бойынша Алматы облысының Әкімшілік Тәжірибе Басқармасының бастығымен бекітілген Қорытынды негізінде жүргізілген. 2017 жылы 9 Қорытынды бойынша 135,0 мың теңге, 2018 жылы 42 Қорытынды негізінде 933,1 мың теңге қайтарылған. Барлығы 1068,1 мың теңге.

Аталған қайтарулар әкімшілік айыппұлдар екі мәрте қате (артық) төленгендігінен туындаған.

Жергілікті бюджет есебіне есептелінген мемлекеттік баж оның ішінде лицензиялық рұқсат беру қызметінен жиынтығы 2017-2018 жылдары- 7 720,0 мың теңге баж түскен.

Жұмыс берушілер шетел жұмыс күшін тартуына рұқсат беру немесе уақытын созуына, шетел азаматтарының жұмыс істеуіне рұқсат беру, уақытын созу, визалар беру алымдары азаматтардың жүгінулерінің негіздерінде тіркеліп алынып отырған

2017 жылы жұмыс берушілер шетел жұмыс күшін тартуына рұқсат беру немесе уақытын созуына, шетел азаматтарының жұмыс істеуіне рұқсат беру, уақытын созу алымдары 4036,8 мың теңге, визаларды беруден 45089,4 мың теңге болған.

- 2018 жылы жұмыс берушілер шетел жұмыс күшін тартуына рұқсат беру немесе уақытын созуына, шетел азаматтарының жұмыс істеуіне рұқсат беру, уақытын созу алымдары 4438,4 мың теңге, визаларды беруден 36929,0 мың теңге болған. Шетел жұмыс күшін тартуына рұқсат беру немесе уақытын

созуына, шетел азаматтарының жұмыс істеуіне рұқсат беру, визаларды беру арнайы журналдарда тіркеліп «Беркут» бағдарламасы арқылы қадағаланып жүргізілген.

Аудандар бойынша алғанда жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің сандық және пайыздық көрсеткіштерін талдау аудандар бойынша 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда бұзушылықтар саны азайып, салынған айыппұлдар сомасы көтеріліп керісінше айыппұлдарды өндіріп алу пайызы төмендеген.

Осының барлығы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер өндірісі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 713 бұйрығымен жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.07.2017 № 513 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілген) Нұсқаулықтың талаптары орындамағандығынан, сот орындаушыларына жолданған материалдар, олардың нәтижелері бойынша атқарылған шаралардың 2017-2018 жылдары жүйелі түрде толық нәтижелі жүргізілмегендігі салдарынан, өндіріп алу пайызының төмендігі әкімшілік практика бөлінісінің басшылары мен жауапты қызметкерлері өз міндеттерін тиісті деңгейде атқармағандығын анық көрсетеді.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің уақытылы және толық түсуі бойынша мемлекеттік аудит объектілерімен қабылданып жатқан шаралардың нәтижесі.

Аталған аудиторлық іс-шара мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларының ішкі істер органдарына қатысты нормаларын әкімшілік айыппұлдарға қатысты тиісті деңгейде сақтамайтындығын көрсетті. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманың нормаларын дұрыс пайдаланбау себебінен 2 құқық бұзушылық бойынша тиісті әкімшілік айыппұлдардың сомалары едәуір азайтылып салынған. Сондайақ Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша толтырылған хаттамалардың тиісті жеке сот орындаушыларына сақталуы тиіс нормалардың талаптарын бұза отырып берілуі және 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы әкімшілік айыппұлдар бойынша өндірілу көрсеткіші 63,4% пайыздан 48,5% төмендеуі аудитпен қамтылған ішкі істер органдарының қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес өздеріне жүктелген қызметтерін тиісті дәрежеде атқармайды деген тұжырымға келуге болады.

III. Жиынтық бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар :

Мемлекеттік аудит барысында шаралар қабылданған жоқ.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Мекеменің жарғысы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылдың 22 шілдесіндегі №444 бұйрығымен бекітілген. Мекеменің негізгі міндеттемелері:

- қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзірет шегінде әкімшілік іс жүргізу, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және оның жолын кесу, жол қозғалысын қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасау, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұру үшін кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешу.

- ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсат беру ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.

- қылымыс жасауға сезікті адамдарды, сондай-ақ жолын кесу шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған адамдарды заңға сәйкес қамау және ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің жиынтық нәтижелері:

2017 жылы жалпы 1 556 540,5 мың теңге салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасынан өндіріліп алынбағаны 555657,1 мың теңге. Өндіріп алу пайызы **64,3%**.

2018 жылы жалпы 2 222 182,5 мың теңге салынған әкімшілік айыппұлдардың сомасынан өндіріліп алынбағаны 1141238,3 мың теңге. Өндіріп алу пайызы **48,6%**.

Мемлекеттік аудит барысында Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер өндірісі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 713 бұйрығымен жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.07.2017 № 513 Нұсқаулықтың талаптарын орындамағандығы, аудитпен қамтылған кезеңде жалпы сомасы 1015127,3 мың теңге айыппұлдар жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріліп алынбағандығы анықталды. Осыдан бөлек: қаржылық бұзушылықтар – 11,3 (*11,3 мың теңге өтелуге жатады*). Сонымен қатар рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны – 5 бірлікті құрады.

Мемлекеттік аудит нәтижесінде Мекемемен Әкімшілік айыппұлдардың өндірілмеу себептері өндіру барысында әсер етудің пәрменді тетігі жоқтығын анық көрсетіп отыр. Мәжбүрлеп орындау үшін сот орындаушыларына жолданған материалдар, жұмыс орнына жіберілген әкімшілік істер бойынша тиісті деңгейде жұмыстардың жүргізілмеуі. Айыппұлдардың басым мөлшері 20 айлық есептік көрсеткіштен төмен болғандықтан Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне борышкерлердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді көздейтін айыппұлдың шекті мөлшерін (20 айлық есептік көрсеткіштен) төмендету бөлігінде "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2010

жылғы 2 сәуірдегі Заңының 33-бабының 1 тармағына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстың қажеттілігін көрсетеді. Өндіріспен тоқтатылған әкімшілік істер саны барлығы 5753, қайтарылған Нұсқамалар саны – 9858. 2017 жылы басқа аймақтарға жіберілген жалпы сомасы 680700,0 мың теңгеге 30000 әкімшілік істер бойынша жауаптар осы уақытқа дейін қайтарылмаған. Әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді тоқтатудың негізгі себебі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларды орындаудың ескіру мерзімінің өтуі (бір жыл ішінде) Осыған орай Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 890-бабында (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы орындаудың ескіруі (*1. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама – заңды күшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде, ал салық салу және Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы саласындағы құқық бұзушылықтар үшін заңды күшіне енген күнінен бастап бес жыл ішінде орындалмаса, ол орындалуға жатпайды*) деп көрсетілген. Бұл ретте әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы Нұсқаманың орындалу мерзімін, пәрменді тетік ретінде, ұлғайту керек екендігі анық көрініп тұр.

Тараптардың ӘҚБт Кодексінің 64-бабы бойынша тараптардың татуласуымен жауапкершілікке тарту мерзімінің өтуі және әкімшілік құқық бұзушылық құрамы мен оқиғаларының болмауы себептердің бірі болып табылады.

Сәйкестікке аудит жүргізу нәтижесінде мемлекеттік аудит объектісінің Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің уақытылы және толық түсуі бойынша атқарылып жатқан шаралардың нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалып заңнама нормаларының талаптарынан ауытқулардың орын алғандығы анықталды.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:

Жоғарыда аталған мәліметтерді назарға ала отырып:

1.Мемлекеттік аудит іс-шараның қорытындысы Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі «Алматы облысының полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің басшылығымен келесі шараларды қабылдасын:

2.1 Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің уақытылы және толық түсуі бойынша қатаң қадағалау жүргізіліп, өндіріліп алынбаған **1 015 127,3** мың теңге айыппұлдарды жергілікті бюджеттің кірісіне өндіру барысында, өндіріп алу деңгейін жоғарлату мақсатында басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып кешенді түрде үнемі нақты іс-шаралар жүргізілсін (бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіліп тиісті органдармен келісіліп) Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясына ұсынылсын.

2.2 Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің уақытылы және толық түсуі бойынша іс-шараларды жүргізу барысында Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер өндірісі

жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 713 бұйрығымен жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.07.2017 № 513 Нұсқаулықтың талаптары басшылыққа алынсын.

2.3 Мекеме бойынша анықталған, ӘҚБТ Кодексінің баптарын дұрыс қолданбау себебінен өндірілмеген 11,3 мың теңге бюджет есебіне аударылуы қамтамасыз етілсін.

2.4 Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнама талаптарының бұзушылықтарына жол берген лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3. Айыппұлдарды өндіру барысында әсер етудің пәрменді тетігі ретінде өзгерістер енгізу туралы:

3.1 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне борышкерлердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді көздейтін айыппұлдың шекті мөлшерін (20 айлық есептік көрсеткіштен) төмендету бөлігінде "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңының 33-бабының 1 тармағына өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдансын;

3.2 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 890-бабының 1-бөлігіне әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылардың, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалардың орындалу мерзімін (1 жылдан) ұлғайту бөлігінде өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жолдансын;

Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі (4 парақ).

Комиссия мүшесі

Б.Мұхамеджанов